

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 желтоқсандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 27 ақпандағы N 50-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актіні қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
 2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 7 а қ п а н д а ғ ы
 N 5 0 - ө ө к і м і м е н
 бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 17	Қазақстан Республикасы Президентінің	ҰҚК (келісім бойынша)	

қаңтардағы N
2786 Жарлығына
өзгерістер мен
толықтырулар
енгізу туралы

тінің
Жарлығы

2008

				ж ы л ғ ы сәуір
2	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҚК (келісім бойынша) (жинақтау), ККМ, Қоршаған ортаны қорғау министрінің, СІМ, ЖРА, ІІМ, Қорғаныс министрінің, шекара маңындағы облыс - т а р д ы ң әкімдіктері	2 0 0 8 жылғы сәуір
3	Аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу және іздестіру, кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау), Қоршаған ортаны қорғау министрінің, СІМ, ЖРА, ІІМ, Қорғаныс министрінің, шекара маңындағы облыс - т а р д ы ң әкімдіктері	2 0 0 8 жылғы сәуір
4	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге азаматтарды тарту ережесі	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бұйрығы	ҰҚК (келісім бойынша)	2 0 0 8 жылғы сәуір

Ескертпе: аббревиатуралар мен қысқарған сөздердің толық жазылуы:

ККМ - Көлік және коммуникация министрлігі
Қорғаныс министрі - Қорғаныс министрлігі
Қоршаған ортаны қорғау министрінің - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
ІІМ - Ішкі істер министрлігі
СІМ - Сыртқы істер министрлігі
ЖРА - Жер ресурстарын басқару агенттігі
ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті